**2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 145 , 146 , 147 , 148 , 149 , 150 , 151 , 152 , 153 , 154 , 155 , 156 , 157 , 158 , 159 , 160 , 161 , 162 , 163-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 145-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1829747 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз жиырма тоғыз миллион жеті жүз қырық жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы ; "Ұлы Отан соғысының

қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ; "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңы ; "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 27 ақпандағы Заңы ; " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы ; "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер туралы" 1999 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1132 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : әлеуметтік қамсыздандыру саласында азаматтардың конституциялық кепілдерін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және іске асыру;
- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны

саласындағы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылау;
- еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және көші-қон процестерін реттеу саласындағы салааралық үйлестіру;
- кәсіптік шеберлігін жетілдіру және қызметтік міндеттемелерін тиімді орындау мақсатында біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша дағдылар мен шеберлікті, теориялық және практикалық білімдерді жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Әлеуметтік қызмет түрлері жүйесін, стандарттарды, медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалтуды, еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру; нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және іске асыру; әлеуметтік және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөніндегі ұсыныстарды іске асыру, сондай-ақ өз құзыры шеңберінде әлеуметтік әріптестік жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысын қамтамасыз ету; ақпараттық қамсыздандыру және әлеуметтік статистиканы дамыту; республикалық бюджеттен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қаржыландырылатын зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылық және біржолғы төлемдердің төленуін қамтамасыз ету; шетелдік жұмыс күшін тартуға көші-қон квоталарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысқа мониторинг жасау; халықты еңбек рыногының жайы туралы ақпараттандыру; ішкі рынокті қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттардың жобаларын қарау; Министрліктің Көші-қон жөніндегі комитетінің және аумақтық органдарының қызметін басқару және үйлестіру; жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелері бойынша әдістемелік басқару. Ұйымдармен еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелерін жетілдіру бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі келісім-шарттар жасау. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша видеофильмдер және жарнама роликтер, анықтамалық әдебиеттер мен кітапшалар шығару қызметтерін сатып алу. | | министр-лігі. |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдар-дың аппа-раттары | Мүгедектік тобын, еңбек ету қабілеті-нен айырылу дәрежесін белгілеу; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зейнетақыларды, жәрдемақыларды, өтемақылық және біржолғы төлемдерді, әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді тағайындау; еңбек, еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы заңдардың орындалуын бақылау, тексерулер жүргізу; мүгедекті оңалтудың жеке | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағдарламасының орындалуына бақылау жасау; өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу және олардың есебін жүргізу; құрылысы немесе қайта құруы аяқталған өндірістік объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу; шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсат қағаздарда көрсетілген шарттардың орындалуын бақылау және тексеру; ұйымдарда еңбек заңнамасының сақталу күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинақтау, қорытындылау, жүйелеу және талдау жасау; еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, көші-қон мәселелері бойынша ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмысын жүргізу. | | министрлі-гі. |
| 4 | | 007 | Мемлекет-тік қызметші-лердің білікті-лігін арттыру | Төмендегідей тақырыптар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Комитеттерінің аумақтық органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет түрлерін сатып алу:<br>1. Еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекет-тік бақылау.<br>2. Зейнетақы және жәрдемақылармен мемлекеттік қамсыздандыру.<br>3. Медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалтудың өзекті мәселелері.<br>4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері.<br>5. Бюджеттік процеске әдіснамалық көзқарастар.<br>6. Департамент құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қолданыстағы заңнамаларды қолданудың заңгерлік тәжірибесі, талап-арыз жұмыстарын жүргізу және ұйымдастыру. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне үйрету. | | қорғау министрлігі. |
| 5 | | 009 | Мемлекет-тік органдар-ды мате-риалдық-техника-лық жар-ақтандыру | Жүктелген функция-ларды сапалы және тиімді орындау мақсатында Министр-ліктің орталық аппа-раты мен аумақтық органдарын материалды-техника-лық жабдықтау жарақтандыру. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 6 | | 017 | Ақпарат-тық жүйелердің жұмыс істеуін амтамасыз ету және мемлекет-тік органдар-ды ақпарат-тық-техникалық қамтама-сыз ету | Есептеу техникасы құралдарына және бағдарламалық өнімдерге техникалық қызмет көрсету, сүйемелдеу және әкімшілік ету қызметтерін төлеу. Шығыс және жинақтау-ыш материалдар, қосалқы бөлшектер сатып алу. Спутниктік байланыс арнасын жалдау және интернет қызметі. Техникалық құралдар-ды сатып алу. Лицензияланған бағ-дарламалық өнімдерді сатып алу және орнату. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- әлеуметтік қамсыздандыру саласында азаматтардың конституциялық кепілдерін қамтамасыз ету;
- 250 адамның кәсіптік деңгейін жоғарылату;
- 381 адамды мемлекеттік тілге оқыту;
- 30 адамды ағылшын тіліне оқыту.

Соңғы нәтиже: халықты әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек көрсету жүйесін, мемлекеттік қадағалау мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру, көші-қон саясатын дамыту, жұмыспен тиімді қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін төмендету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттырудың орташа шығыны 19,0 мың теңге.
Бір мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны 14,8 мың теңге.
Бір мемлекеттік қызметшіні ағылшын тіліне оқытудың орташа шығыны 30,0 мың теңге.

Уақтылығы: келісім - жыл бойы.
Сапасы: Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің құқықтық-нормативтік базасын жетілдіру, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру, әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мамандарының біліктілік деңгейін арттыру және қол жетімділігін кеңейту.
Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлардағы кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
146-ҚОСЫМША
**<u>213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі</u>**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған
"Зейнетақы бағдарламасы"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 363609000 мың теңге (үш жүз алпыс үш миллиард алты жүз тоғыз миллион теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 13-бабы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы 12-бабының 5-тармағы, 16-бабының 5-тармағы; " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 2 , 5-баптары , "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің*

*2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқықтарын іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- зейнетақы төлемдері мен базалық зейнетақы төлемдерін уақытында қамтамасыз ету;
- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарға, сондай-ақ олардың мұрагерлеріне зейнетақыға үстемеақы төлеу;
- зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ескерілетін табысқа қойылатын шектеуді 15-тен 25-еселенген айлық есептік көрсеткішке арттыру;
- 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақыны қамтамасыз ету.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламалардың)атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Зейнетақы бағдарламасы | | | |
| 2 | | 100 | Ортақ зейнетақыларды төлеу | Зейнеткерлік жасқа толған адамдарға ынтымақты зейнетақылардың ай сайын төлемдерін, тиісті мүгедектік тобы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшеріне дейін және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін жәрдемақы мөлшеріне дейін жеткізілген зейнетақы төлемдеріне қосымша ақы төлемдерін қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | | 101 | Семей ядролық | Радиациялық қатер төнген өңірлерінде тұрған | Жыл бойы | Қазақстан Республи- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сынақ полигон-ындағы ядролық сынақтар салдары-нан зар-дап шек-кен азамат-тардың зейнет-ақыларынаүстеме-ақылар | және Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайын үстемеақылардың төленуін қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | | касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 4 | | 102 | Мемлекет-тік база-лық зейнетақы төлемдері | Зейнеткерлерге және зейнеткерлік жасқа толған мүгедектерге ай сайынғы базалық зейнетақы төлемдері қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру, сондай-ақ 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақыны қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: ынтымақты зейнетақыларды, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақыларды және зейнеткерлер мен зейнеткерлік жасқа толған мүгедектерге базалық зейнетақы төлемдерін төлеу, 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақы төлеу.

Алушылардың орташа жылдық болжамды саны:
- Ынтымақты зейнетақы: 2008 ж. - 1633,8 мың адам, 2009 ж. - 1648,9 мың адам, 2010 ж. - 1664,9 мың адам;
- базалық зейнетақы төлемдерін алушылар: 2008 ж. - 1664,2 мың адам, 2009 ж. - 1671,7 мың адам, 2010 ж. - 1688,5 мың адам;
- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақы алушылардың саны - 0,06 мың адам.

Соңғы нәтиже: ынтымақты зейнетақылар мөлшерін 9 пайызға көбейту, зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ескерілетін табысқа қойылатын шектеуді 15-тен 25-мәрте айлық есептік көрсеткішке арттыру және зейнеткерлер мен зейнеткерлік жасқа толған мүгедектерге 4210 теңге мөлшерінде базалық зейнетақы төлемдерін төлеу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- зейнетақының ең төмен мөлшері: 2008 ж. - 7900 теңге, 2009 ж. - 8769 теңге, 2010 ж. - 9646 теңге;
- зейнетақының орташа мөлшері: 2008 ж. - 13 647 теңге, 2009 ж. - 17075 теңге, 2010 ж. - 21344 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері: 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап - 4210 теңге, 2008 жылғы 1 шілдеден бастап - 4810 теңге, 2009 ж. - 5243 теңге, 2010 ж. - 5662 теңге;
- 2008 жылдың бірінші жарты жылдығына 2008 жылдың 1 шілдеден бастап базалық зейнетақы төлемін алушыларға ай сайынғы өтемақы - 600 теңге;
- зейнетақыларға үстемеақылардың орташа мөлшері - 17508 теңге.

Уақытылылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу.

Сапасы: тағайындалған зейнетақылар мен базалық зейнетақы төлемдерін 100 пайызға төлеу, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін тағайындалған ай сайынғы өтемақыны 100 пайыз төлеу, радиациялық қатер өңірлерінде тұрғаны үшін және Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайынғы үстемеақы төлемдерін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық ұсынған қажеттілікке сәйкес 100 пайызға төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
147-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 92246990 мың теңге (тоқсан екі миллиард екі жүз қырық алты миллион тоғыз жүз тоқсан мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы , "2008 жылға арналған

республикалық бюджет туралы" 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж азаматтарға ақшалай қаражат төлеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- жасына байланысты;
- мүгедектігі бойынша;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың уақытында төленуін қамтамасыз ету;
- 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақыны қамтамасыз ету.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекет-тік әлеумет-тік жәрдем-ақылар | | | |
| 2 | | 100 | Мүгедек-тігі бойынша | Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру, сондай-ақ 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақы төлеуді ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 3 | | 101 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Асырау-шысынан айрылуы-на байланысты | Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру, сондай-ақ 2008 жылғы 1 шілдеден бастап асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақы төлеуді ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 4 | | 102 | Жасы бойынша | Жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы-ларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру, сондай-ақ 2008 жылғы 1 шілдеден бастап жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақы төлеуді ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу, сондай-ақ 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін ай сайын өтемақы төлеу. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушылардың орташа жылдық болжамды саны:

- мүгедектігі бойынша: 2008 ж. - 414,7 мың. адам, 2009 ж. - 416,5 мың. адам, 2010 ж. - 419,9 мың. адам;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша: 2008 ж. - 211,3 мың адам, 2009 ж. - 232,3 мың адам, 2010 ж. - 233,0 мың адам;
- жасына байланысты: 2008 ж. - 13,9 мың адам, 2009 ж. - 16,3 мың адам, 2010 ж. - 18,9 мың адам.

Соңғы нәтиже: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың кірісін көбейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа мөлшері:

- мүгедектігі бойынша: 2008 ж. - 12 542 теңге, 2009 ж. - 13 450 теңге, 2010 ж. - 14 526 теңге;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша: 2008 ж. - 11 349 теңге, 2009 ж. - 11 680 теңге, 2010 ж. - 12 614 теңге;
- жасына байланысты: 2008 ж. - 6 348 теңге, 2009 ж. - 6 554 теңге, 2010 ж. - 7 078 теңге.

- 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға " 2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында белгіленген мөлшерде 2008 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін ай сайынғы өтемақы.

Уақытылылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу.

Сапасы: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды 100 пайыз төлеу, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға 2008 жылғы бірінші жартыжылдық үшін тағайындалған ай сайынғы өтемақыны 100 пайыз төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
148-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 41719001 мың теңге (қырық бір миллиард жеті жүз он тоғыз миллион бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңы ; "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : азаматтардың жеке санаттарына қосымша материалдық қолдау көрсету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :
- арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін уақытылы қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Арнайы мемлекет-тік жәрдемақылар | | | |
| 2 | | 100 | ҰОС мүгедектері | Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | | 101 | ҰОС қатысушылары | Ұлы Отан соғысының қатысушыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 4 | | 102 | ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар | Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 5 | | 103 | ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдар | Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеумет- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | | тік қорғау министрлігі. |
| 6 | | 104 | ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлері | Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 7 | | 105 | Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдері (күйеулері) | Қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедек - терінің әйелдеріне (күйеулеріне) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 8 | | 106 | Совет Одағының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері | Совет Одағының батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, Даңқ орденінің үш дәрежесінің, Еңбек Даңқы орденінің үш дәрежесінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 9 | | 107 | ЧАЭС оқиғасында апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен), әскери қызметкерлерінің, | Чернобыль АЭС-дағы апаттың салдарын жою кезінде қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза тапқан адамдардың отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қор- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ішкі істер органдары қызметкер-лерінің және қаза болған адамдардың отбасылары | | | ғау мин-истрлігі. |
| 10 | | 108 | Ұлы Отан соғысы жылдарын-дағы тыл еңбекшіле-рі | Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 11 | | 109 | Көшіру кү-ні құрсақ-та болған балаларды қоса ал-ғанда Қазақстан Республи-касынан шеттету және қоныс аудару аймағынан көшірілген ЧАЭС | Қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларын қоса, шет-тету және оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс-танған Чернобыль АЭС-дағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 12 | | 110 | I және II топтағы мүгедектер | I және II топтағы мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 13 | | 111 | III топтағы мүгедектер | III топ мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 14 | | 112 | 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар | 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 15 | | 113 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" бел-гілерімен марапат-талған не-месе бұрын "Батыр-ана" ата-ғын алған және "Ана даңқы" орденімен марапат-талған көп балалы аналар | "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 16 | | 114 | Төрт неме-се одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар | Кәмелетке толмаған, бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |
| 17 | | 115 | Мүгедекті-гі бар немесе зейнеткер болып табылатын жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары | Мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мин-истрлігі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | | 116 | Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар | Қазақтан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбек үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: азаматтардың 17 санатына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлеу. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылардың болжамды орташа жылдық саны: 2008 жылы - 1 139,7 мың адам, 2009 жылы - 1 198,7 мың адам, 2010 жылы - 1232,2 мың адам болады.
Соңғы нәтиже: азаматтардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар түрінде қосымша материалдық қолдау көрсету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері 7 пайызға көбейту. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері: 2008 жылы - 5 500 теңге, 2009 жылы - 5869 теңге, 2010 жылы - 6280 теңге.
Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақтылы төлеу.
Сапасы: азаматтардың 17 санатына Заңмен белгіленген мөлшерде тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды 100 пайызға төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
149-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Жерлеуге берілетін жәрдемақы" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1980107 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз сексен миллион бір жүз жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995

жылғы 28 сәуірдегі Заңының 11-бабы ; "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 8-бабы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 7-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : зейнетақы және жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) мемлекеттің қосымша материалдық қолдауы .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, жерасты және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарла-маның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Жерлеуге берілетін жәрдемақы | | | |
| 2 | | 100 | Зейнеткер-лерді, ҰОС қатысушы-лары мен мүгедек-терін жер-леуге берілетін жәрдемақы | Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қаты-сушылары мен мүгедек-терін жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (адамдарға) жәрдем-ақыны уақтылы төлеуді ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және ха-лықты әл-еуметтік қорғау ми-нистрлігі. |
| 3 | | 102 | Мемлекет-тік әлеуметтік жәрдемақы-лар және мемлекет- | Мемлекеттік әлеумет-тік жәрдемақы, мемле-кеттік арнайы жәрдемақы алушыларды, жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және ха-лықты әл- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тік арнайы жәрдемақы-лар алушы-ларды жер-леуге берілетін жәрдемақы | ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстар-да істеген адамдарды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (адамдарға) жәрдем-ақыларды уақытылы төлеуді ұйымдастыру | | еуметтік қорғау ми-нистрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуге байланысты шығыстарды өздері көтерген отбасыларға (адамдарға) жерлеуге берілетін жәрдемақыларды төлеу. Жерлеуге берілетін жәрдемақылардың болжамды орташа жылдық саны: 2008 ж. - 106,2 мың адам, 2009 ж. - 115,7 мың адам, 2010 ж. - 117,2 мың адам.

Соңғы нәтиже: жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшерінің 7 пайызға өсуі. Зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) жерлеуге арналған жәрдемақы төлеу арқылы мемлекеттің материалдық қолдауы.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшері:
- соғыс мүгедектері мен қатысушыларына: 2008 ж. - 40 880 теңге, 2009 ж. - 43 750 теңге, 2010 ж. - 46 830 теңге;
- зейнетақылар мен жәрдемақылар алушыларға: 2008 ж. - 17 520 теңге, 2009 ж. - 18 750 теңге, 2010 ж. - 20 070 теңге.
Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақытылы төлеу.
Сапасы: жерлеуге берілетін жәрдемақыларды алуға уақтылы өтініш берген және жәрдемақы алуға құқығы бар тұлғаларды жерлеуге берілетін жәрдемақылармен 100 пайызға қамтамасыз ету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
150-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар"
деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 27900021 мың теңге (жиырма жеті миллиард тоғыз жүз миллион жиырма бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 4-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- 30 АЕК мөлшерінде бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу;
- бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын төленетін мемлекеттік жәрдемақыларды:

бірінші балаға 5 АЕК,
екінші балаға 5,5 АЕК,
үшінші балаға 6 АЕК,
төртінші және одан көп балаға 6,5 АЕК мөлшерінде төлеу.

- бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын төленетін мемлекеттік жәрдемақылардың уақытында төленуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Балалы отбасылар - ға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар | | | |
| 2 | | 100 | Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар | Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 101 | Бір жасқа дейінгі баланы күту үшін төленетін мемлекет-тік жәр-демақылар | Бала бір жасқа тол-ғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік саралан-ған жәрдемақы төлем-дерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республика-сы Еңбек және халық-ты әлеумет-тік қорғау министрлі-гі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін жәрдемақыларды төлеу. Жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны:
- бала тууына байланысты: 2008 ж. - 350,8 мың адам, 2009 ж. - 331,0 мың адам, 2010 ж. - 347,2 мың адам;
- бір жасқа дейінгі балалар күтіміне байланысты: 2008 ж. - 141,0 мың адам, 2009 ж. - 188,0 мың адам, 2010 ж. - 176,4 мың адам.

Соңғы нәтиже: балалы отбасылардың материалдық жағдайын жақсарту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- бала тууына байланысты берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшері: 2008 жылы - 35 040 теңге, 2009 жылы - 37 500 теңге, 2010 жылы - 40 140 теңге;
- бір жасқа дейінгі балалар күтіміне байланысты берілетін орташа жәрдемақы мөлшері: 2008 жылы - 9 483 теңге, 2009 жылы - 7 872 теңге, 2010 жылы - 8 261 теңге.

Уақтылығы: кестеге сәйкес 25-не дейін ай сайын уақтылы төлеу.

Сапасы: бала тууына байланысты және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты тағайындалған мемлекеттік жәрдемақыларды 100 пайыз төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
151-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге төленетін біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылар" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3559358 мың теңге (үш миллиард бес жүз елу тоғыз миллион үш жүз елу сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің*

*2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 12-бабы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақ салдарынан зардап шеккендерге мемлекеттік біржолғы өтемақы төлемдер бойынша мемлекеттің өткен жылдар міндеттемелерін орындауы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен:

- зейнеткерлерге;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушыларға;
- 1949-1990 жылдар аралығында төтенше және аса жоғары радиациялық қауіп аймағы болып табылатын аумақтарда тұрған және тұратын жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеуді.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарла-маның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Семей ядролық сынақ по-лигонында ядролық сынақтар-дың сал-дарынан зардап шеккен-дерге тө-ленетін бір жолғы мемлекет-тік ақша-лай өтем-ақылар | | | |
| 2 | | 100 | Зейнет-керлер және әл-еуметтік | Зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға біржолғы ақшалай өтем- | Өтініш-тер түсуіне байла-нысты | Қазақстан Республи-касы Еңбек және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мемлекет-тік жәр-демақы алушылар | ақыларды уақытында төлеуді ұйымдастыру. | жыл бойы | халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 3 | | 101 | 1949-1990 жылдар аралығын-да радиа-циялық қауіпті аймақтар-да және жеңілдік-ті әлеу-меттік-экономи-калық мәртебе-сі бар аумақта тұратын және тұр-ған жұмыс істейтін және жұ-мыс істе-мейтін халық | Радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеу-меттік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақ-тарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жыл-дар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақыларды уақтылы төлеуді ұйымдастыру. | Өтініш-тер түсуіне байла-нысты жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық жеңілдікті мәртебесі бар аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыларды төлеу.

Орташа жылдық болжамды саны:

- зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар: 2008 ж. - 4,1 мың адам, 2009 ж. - 5,2 мың адам, 2010 ж. - 4,2 мың адам;
- радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық жеңілдікті мәртебесі бар аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға: 2008 ж. - 224,3 мың адам, 2009 ж. - 117,3 мың адам, 2010 ж. - 29,1 мың адам.

Соңғы нәтиже: зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық жеңілдікті мәртебесі бар аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға мемлекеттік

біржолғы ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі берешекті өтеу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өтемақының орташа мөлшері:
- зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар үшін: 2008 ж. - 20,8 мың теңге, 2009 ж.- 25,4 мың теңге, 2010 ж.- 22,6 мың теңге;
- жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтар үшін: 2008 ж. - 15,5 мың теңге, 2009 ж. - 18,5 мың теңге, 2010 ж. - 19,2 мың теңге болады.

Уақтылылығы: өтініштер түсуіне байланысты жыл бойы.

Сапасы: зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық жеңілдікті мәртебесі бар аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға тағайындалған мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыларды 100 пайыз төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
152-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ақталған азаматтарға-жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 45102 мың теңге (қырық бес миллион бір жүз екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 22, 25-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жаппай қуғын-сүргін құрбандары деп танылған азаматтардың материалдық және моральдық зияндарын өтеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген мөлшерде жаппай қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақыларды уақтылы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Ақталған азаматтарға жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына бір жолғы ақшалай өтемақы | Ақталған азаматтарға жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдерін уақтылы ұйымдастыру. | Азаматтардың өтініш беруіне қарай жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: ақталған азаматтарға - жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақыларды төлеу. Алушылардың орташа жылдық саны : 2008 ж. - 735 адам, 2009 ж. - 840 адам, 2010 ж. - 550 адам.

Соңғы нәтиже: жаппай қуғын-сүргін құрбандары деп танылған азаматтардың материалдық және моральдық зияндарын өтеу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өтемақының орташа мөлшері: 2008 ж. - 61,3 мың теңге, 2009 ж. - 64,1 мың теңге, 2010 ж. - 77,5 мың теңгені құрайды.

Уақтылығы: азаматтардың өтініш беруіне қарай.

Сапасы: "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 22-бабына сәйкес ақталған азаматтарға - жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдерін уақтылы төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
153-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"

деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 65 618 мың теңге (алпыс бес миллион алты жүз он сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңының 8 , 9-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : еңбек процесінде жұмыскерлердің денсаулығын және өмірін сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету, еңбекті қорғау басқару жүйесін жетілдіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Еңбекті қорғау са-ласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласының қолданбалы ғылыми зерттеулер мына бағыттар бойынша жүргізу:<br>- Қазақстан Республи-касының кәсіпорындар-ындағы еңбек жағдай-ларын және зиянды өн-дірістік факторларды зерттеу және талдау;<br>- Қызметкердің ден-саулығына кауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, зиянды өнді-рістік факторлар мен қатерлердің әсерін азайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және ғылыми негіздеу және ұйғарымдар жасау;<br>- кәсіптік ауруларды және өндірістік жарақаттарды ілестіру үшін есепке алу және | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | талдау жөніндегі республикалық жүйені әзірлеу, ғылыми негіздеу және ілесу; - еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ғылыми зерттеулер. | | министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 4 өнеркәсіптік кәсіпорын базасында санитария-гигиеналық талаптарына жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлер санын, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауру мәселелерін зерттеу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында 4 бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Соңғы нәтиже: Қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларды 0,5 пайыз, санитария-гигиеналық талаптарға жауап бермейтін жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлер санын 1 пайыз, жұмыс уақытының жоғалуын 0,8 пайыз төмендетуге мүмкіндік береді.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің орташа құны 8,2 млн. теңгені құрайды.

Уақтылылығы: жасалған шарттарға сәйкес жыл бойы.

Сапа: қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен оларды практикалық қызметке енгізу өндірістегі зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың деңгейін төмендетуге, сондай-ақ өндірістегі еңбекті қорғауды басқару жүйесінің пәрменділігін күшейтуге ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
154-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз ету" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 9 298 074 мың теңге (тоғыз миллиард екі жүз тоқсан сегіз миллион жетпіс төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының

1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 1-бабы ; "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 1-бабы ; " Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 926 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : зейнетақы және жәрдемақы, сондай-ақ басқа да әлеуметтік төлемдердің тиімді жүйесін қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына әлеуметтік жеке кодтар беру;
жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аудару және есепке алу;
зейнетақы және жәрдемақы алушылардың біртұтас орталықтандырылған базасын жүргізу;
әлеуметтік сақтандыру төлемдері мен аударымдарын есепке алу;
Орталықтандырылған деректер қорының (Мүгедектердің орталықтандырылған деректер қоры) жұмыс істеуін қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді қамтамасыз ету | Зейнетақылардың; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің; мемлекеттік әлеуметтік төлемдердің; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың; Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылардың; жерлеуге берілетін жәрдемақылардың; жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше | Күн сайын | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республи- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әл-еуметтік төлемдердің; радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеу-меттік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақ-тарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жыл-дар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін аза-маттарға, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға зейнеткер-лерге бір жолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылардың; бала тууына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы-лардың; бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне берілетін жәрдемақылардың; ақталған азаматтар - саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін ақшалай өтемақылардың, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүктілігі мен босануы бойынша жәрдемақылар-дың төленуін қамтамасыз ету. Зейнетақылар мен жәр-демақылар, әлеуметтік төлемдер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүктілігі мен босануы бойынша жәрдемақыларды тағайындау үшін алушылардың іс-қағаздар макетін қалыптастыру. Қазақстан Республика- | | калық мемлекет-тік қазыналық кәсіпорны | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сының барлық азаматтарына әлеуметтік жеке кодтар беру. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын аудару және есепке алу мен жұмыс берушілерге қате төлемдерді қайтару. Жүктілігі мен босануы бойынша әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалуды және оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуды жүзеге асыру. Әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар мен төлемдердің дербестендірілген есебін жүргізу, міндетті әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдерді уақытында аудару. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін зейнетақы және жәрдемақы мөлшерлері туралы ақпарат беру. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерден жүргізілген ұстап қалулар туралы алушыларды хабарландыру. Жинақтаушы зейнетақы қорларына қате аударылған төлемдер мен міндетті зейнетақы жарналары, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету. Деректерді беретін корпоративтік желілерді қолдау үшін байланыстың жоғарғы жылдамдықты арналарын жалдау, аудандық | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдер үшін Sky Edge серіктік терминалдарды инсталляциялау және жалдау мақсатында. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мин-истрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес көрсетілетін қызметтер шегінде компьютерлік, сервер-лік, телекоммуникация-лық, шалғай жабдықтар, техника, резервтік орталық үшін жабдық-тар, антивирустық бағдарламалар, конди - ционерлер, электр жабдықтар, жиһаздар, басқа да материалдық және материалдық емес активтерді сатып алу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың облыстық, қалалық, аудандық құрылымдарының жұмыс орындарын автоматтандыру. Зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдер деректер базасының тиімді жұмыс істеуі. Орталықтандырылған деректер қоры және Мүгедектердің орталықтандырылған деректер қорын қолданушылар (Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың филиалдары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменттері, Медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары, жергілікті атқарушы органдары) арасындағы деректер берудің корпоративтік желілерінің жұмыс жағдайын қолдау. Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген мерзімде зейнетақылардың, жәрдемақылардың және әлеуметтік төлемдердің толық, дұрыс және уақытылы төленуін қамтамасыз ету;
Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік жарналардың және Қордан әлеуметтік төлемдердің уақытылы аударылуын және толық есепке алуды қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың шоттары

арқылы өткізілетін қаржылық ағымдарға әкімшілік ету шығындарының үлесі " Зейнетақы төлеу жөніндегі орталық" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынынан төлейтін әлеуметтік төлемдерге жұмсалатын шығындардың жалпы сомасына қатысты 1,32 пайыздан 1,21 пайызға дейін төмендейді. Уақтылығы: бір жыл ішінде күн сайын.
Сапасы: зейнетақылар мен жәрдемақылардың уақытылы және толық төленуін жүргізеді .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
155-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 66 226 мың теңге (алпыс алты миллион екі жүз жиырма алты мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 4-бабы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1132 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тіркелген еңбек рыногы мониторингін, еңбек рыногының жағдайы және республиканың аз қамтамасыз етілген азаматтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеу туралы ақпаратты талдау және қорытындылауды ұйымдастыру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы ақпараттық-талдау материалдарын жинақтау, өңдеу, талдау және дайындау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-лама- | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | н ы ң )<br>атауы | | | Жауапты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Жұмыспен қамту және кедейшілік базасы бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету | Жұмыспен қамту базасы бойынша бағдарламалық-қолданбалы шағын жүйе-ге ілесу, қолдау:<br>- өңірлердің ақпарат базалары негізінде жұмыспен қамту дерек-қорларын өзектендіру;<br>- республикадағы еңбек рыногының жай-күйі бойынша ақпараттық-талдау материалдарын дайындау.<br>Шетелдік жұмыс күшін әкелу мониторингін жүргізу:<br>- өңірлер, қызмет түр-лері бойынша басқа елдердің мамандарын тартатын жұмыс беруші-лердің дерекқорларын қолдау;<br>- өтініштер мен олар бойынша берілген рұқсаттар дерекқоры;<br>- шетелдік мамандардың дербес есебінің база-сы;<br>- шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындар-да қайта оқытылған Қазақстан Республика-сының азаматтарының санының ішінде ашылған қосымша жұмыс орындары туралы деректер қоры.<br>Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға арнал-ған мемлекеттік жәр-демаққылар бойынша бағдарламалық-қолдан-балы шағын жүйеге ілесу, қолдау:<br>- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы алушылардың өңірлік базасына ілесу.<br>Өзге де активтерді | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сатып алу: (платформа ретінде қолданатын серверлік қосымшаларға арналған операциялық жүйе, қосымша модуль-дері бар кәсіби кеңсе-лік пакет, сканерлеу және мәтінді анықтау бағдарламасы, сайтты сүйемелдеуге арналған әзірлеме құралдары, деректерді резервтік көшірмелеу және дерек-терді қалпына келтіру, вирусқа қарсы және т.б. құралдар). | | әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: "Атаулы әлеуметтік көмек", "Жұмыспен қамту" бағдарламалық өнімдеріне ілесу. Қолданыстағы деректер базасын ұлғайту, бағдарламалық-қолданбалы жүйені жетілдіру. "Соцкарта" ақпаратты жүйенің енгізілуін ескере отырып "Атаулы әлеуметтік көмек" ақпараттық-есептеу жүйесін дамыту. "18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақылар" ақпараттық жүйесін облыстарда, Астана, Алматы қалаларында әзірлеу және енгізу.

Соңғы нәтиже: орталық және өңірлік атқару органдарын ақпараттық-талдау материалдарымен қамтамасыз ету; www.enbek.kz сайтында елдің еңбек нарығындағы сұраныс және ұсыныс жағдайы туралы халықты ақпараттандыру жүйесін орналастыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ақпараттық жүйені енгізу пайдаланушылардың еңбек өнімділігін орта есеппен 10 пайызға арттырады.

Уақытылылығы: жоспарға сәйкес жыл ішінде.

Сапасы: қабылданған шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып кедейлікті төмендетуге бағытталған қарқынды саясатты іске асыру әсер етеді. Халықтың елдегі еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың жай-күйі туралы халықтың хабардар болуы халықтың еңбек ұтқырлығына әсер етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
156-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, сот мемлекетке жүктеген адам өмірі

мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1 500 000 мың теңге (бір миллиард бес жүз миллион теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексінің 945-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, зардап шегушілерге зиянды өтеу жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін орындау .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- зиянды өтеу жөніндегі мерзімді төлемдерді капиталдандыру бөлігінде таратылған заңды тұлғалардың бірінші кезектегі кредиторларының алдындағы берешекті өтеу;
- заң актілерінде қарастырылған тәртіппен зардап шеккендерге тиесілі сомаларды мемлекеттің уақтылы төлеуі.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, сот мемлекетке жүктеген, адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу | Сот шешімдері бойынша төлемдерді жүзеге асыру және ұйымдастыру. | Сот шешімдерінің түсуінебайланысты жыл бойы. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша төлемдерді жүргізу.

Соңғы нәтиже: заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда, зардап шегушілерге келтірілген зиянды өтеу жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін орындау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: төлемдердің капиталдандыру көлеміне байланысты орташа мөлшері 150 000 теңгеден 989 000 теңгеге дейін.

Уақтылығы: сот шешімдерінің түсуіне байланысты жыл ішінде.

Сапасы: сот шешімдерінің уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоксандағы
N 1224 қаулысына
157-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар"
деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4406540 мың теңге (төрт миллиард терт жүз алты миллион бес жүз қырық мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламанын нормативтік құқықтық негізі** : "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламанын мақсаты** : 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты, ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарды әлеуметтік қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламанын міндеттері** : мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды ұйымдастыру және уақтылы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік арнайы жәр-демақылар | Жерасты ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға берілетін ай сайынғы төлем-дерді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру. | жыл бойы | Қазакстан Республика-сы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: жерасты ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу.

Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар алушылардың орташа жылдық болжамды саны:

- N 1 тізім бойынша: 2008 ж. - 25,2 мың адам, 2009 ж. - 27,8 мың адам, 2010 ж. - 30,4 мың адам;
- N 2 тізім бойынша: 2008 ж. - 8,4 мың адам, 2009 ж. - 17,4 мың адам, 2010 ж. - 19,7 мың адам.

Соңғы нәтиже: мемлекеттік арнайы жәрдемақы мөлшерін арттыру.

Қаржылық-экономикалык нәтиже: мемлекеттік арнайы жәрдемақылар мөлшері:
- N 1 тізім бойынша (9 АЕК): 2008 ж. - 10 512 теңге, 2009 ж. - 11 250 теңге, 2010 ж. - 12 042 теңге;
- N 2 тізім бойынша (8 АЕК): 2008 ж. - 9 344 теңге, 2009 ж. - 10 000 теңге, 2010 ж. - 10 704 теңге.

Уақытылылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақтылы төлеу.

Сапа: жерасты ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе зиянды және ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға тағайындалған мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды 100 пайыз төлеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоксандағы
№ 1224 каулысына
158-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 15243 мың теңге (он бес миллион екі жүз қырық үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 18-бабы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 40-тармағы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламанын мақсаты** : мүгедектерді және қарттарды оңалту және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жақсарту, әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін ұлғайту.

**5. Бюджеттік бағдарламанын міндеттері** : әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының жұмыс істеуі үшін Атырау облысының бюджетін қаржылық қолдау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері-не жаңадан пайдалануға берілетін әлеуметтік қамсыздан-дыру объек-тілерін ұстауға берілетін | Облыстардың бюджет-теріне, Астана және Алматы қаласының бюд-жетіне нысаналы ағым-дағы трансферттер аудару<br><br>Әлеуметтік қамсыздан-дыру объектілерінің уақтылы іске қосылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Ақпан-желток-сан | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі , |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағымдағы нысаналы трансферт-тер | | | Атырау облысының әкімі. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Атырау облысының Атырау қаласында оңалту орталығы пайдалануға берілетін болады.

Соңғы нәтиже: мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету деңгейінің жақсаруы.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2008 жылы пайдалануға беріледі деп болжанған объектінің қызмет етуіне арналған шығындар: Атырау қаласындағы оңалту орталығына - 15 243 мың теңге.

Уақтылылығы: әлеуметтік қамсыздандыру объектілерінің уақтылы пайдалануға берілуі және қызмет етуі.

Сапа: Аталған аймақтардың халқына көрсетілетін әлеуметтік қызмет көлемін және сапасын ұлғайту.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
159-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2 915 495 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз он бес миллион төрт жүз тоқсан бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:»** "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 19, 24-баптары , "Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 қаулысы ,»"Қазақстан Республикасының 2001-2010 жылдарға арналған көші-қон саясаты бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы»"Қазакстан

Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 925 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** мүгедектерді, соның ішінде мүгедек-балалар мен карттарды оңалту және оларға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жақсарту, оралмандардың көші-қон квотасына енгізу туралы өтініш берген және енген ұлты қазақ адамдардың ойдағыдай бейімделуіне жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** бөгде адамның тұрақты күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектерді, соның ішінде мүгедек балаларды медициналық және әлеуметтік оңалтудың сапасын жетілдіру, қазақстандық қоғамға кейін ойдағыдай кірігуі үшін оралмандардың жергілікті жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы желтоқсандағы N_____«"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының дамуы туралы»қаулысының 3 қосымшасына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін дамыту үшін нысаналы трасферттерді:<br>- Қарағанды облысының Саран қаласында 500 орындық психоневрологиялық интернат-үйі құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 12-293/05 | Ақпан-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қарағанды, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Қостанай, Жамбыл облыстарының әкімдері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорытындысы); - Қызылорда каласының Александровка кентінде 200 орындық ақыл-есі кем балаларға арналған интернат-үйі құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 28 сәуірдегі 2-212/06 қорытындысы); - Қызылорда қаласының Александровка кентінде 150 орындық мүгедектер үшін оңалту орталығы құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 2-211/06 қорытындысы); - Қызылорда қаласының Александровка кентінде 300 орындық психоневрологиялық интернат-үйі құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және құрылыстың бастауына (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 28 сәуірдегі 2-213/06 қорытындысы); - Маңғыстау облысының Ақтау қаласында ақыл-есі кем мүгедек балаларға арналған 210 орындық интернат-үйінің құрылысы (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 27 наурыздағы N 15-079/06 қорытындысы); - Қостанай облысының Рудный қаласында қалалық емхана ғимара- | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тын психоневрология- лық интернат ретінде қайта құру (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемле- кеттік сараптаманың 2006 жылгы 16 маусым- дағы N 14-143/06 қорытындысы); - Атырау қаласында мүгедектерді оңалту- дың облыстық орталығы ғимараты құрылысы (Жобаның ТЭН-і бойын- ша Мемлекеттік сарап- таманың 2006 жылғы 16 ақпандағы N 08-12/2006 қорытынды- сы); - Атырау облысындағы Сарайшық психоневро- логиялық интернаты үшін 100 орындық қосымша ғимараттың, сондай-ақ, канализа- циялық насосты стан- циясының құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу- ге және құрылыстың бастауына (Жобаның ТЭН-і бойынша Мемле- кеттік сараптаманың 2006 жылғы 10 ақпан- дағы N 08-10/2006 қорытындысы); - Жамбыл облысындағы Тараз қаласында Мүге- дектерді оңалту және бейімдеу орталығының ғимаратына жапсырма үй құрылысын бастауға (Мемлекеттік сараптаманың 2008 жылғы 3 қаңтардағы N 10-01/08 қорытындысы); - Маңғыстау облысының Ақтау қаласында Орал- мандарды бейімдеу және кіріктіру орта- лығының құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу- ге және құрылыстың | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бастауына ("Маңғыстау-мемлекеттік сараптама" 2007 жылғы 14 мамырдағы берген N 15-203/07 жобаның ТЭН-і бойынша Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы) аудару. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже: объектілерді салу жөніндегі жұмыстар көлемінің жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалуы.

Соңғы нәтиже: мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету деңгейін арттыру, оралмандардың ойдағыдай бейімделуіне жағдай жасау.

Уақтылығы: құрылыс жұмыстарының көлемін қызметтерді жеткізушілермен жасалған шарттарға сәйкес орындау.

Сапа: Қазақстан Республикасы құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 1224 қаулысына
160-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ең төменгі күнкөрістің мөлшері өскеніне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін және 18 жасқа дейінгі балаларға айсайынғы мемлекеттік жәрдемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2785500 мың теңге (екі миллиард жеті жүз сексен бес миллион бес жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2, 4-баптары , "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 28 маусымдағы Заңының 4, 9-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** табысы кедейлік шегінен төмен адамдарды (

отбасыларды), сондай-ақ 18 жасқа дейінгі балалары бар, табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасыларды әлеуметтік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** аз қамтамасыз етілген азаматтар мен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмектің, 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы жәрдемақының уақытылы төленуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ең төменгі күн көрістің мөлшері өскеніне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қаларының | 1. Табысы кедейлік шегінен темен адамдарға (отбасыларға) мемлекеттік атаулы әлеуметтік кемек көрсету үшін облыстық бюджет- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бюджеттер-іне атаулы әлеуметтік мемлекет-тік көмек көрсетуді төлеуге ағымдағы нысаналы трансферт-тер | терге ағымдағы мақсат-ты трансферттерді аудару.<br>2. Табысы кедейлік шегінен төмен адамдар-ға (отбасыларға) мем-лекеттік атаулы әлеу-меттік көмек көрсетуді облыстарға, Алматы және Астана қалаларына аударымдар жасау арқы-лы уақтылы ұйымдас-тыру. | | қорғау ми-нистрлігі, облыстар, Алматы және Астана қа-лаларының Әкімдері. |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қа-лаларының бюджеттер-іне табысы аз отбасы-лардағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекет-тік жәр-демақылар төлеуге ағымдағы нысаналы трансферт-тер | 1. Табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу үшін облыстық бюджет-терге ағымдағы мақсатты трансферттер-ді аудару.<br>2. Табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін облыстарға, Алматы және Астана қалаларына аударымдар жасау арқы-лы уақтылы ұйымдасты-ру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау ми-нистрлігі, облыстар, Алматы және Астана қа-лаларының Әкімдері. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже:

жылына 64,5 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсету; жылына 154,1 мың балаға жәрдемақылар төлеу, оның ішінде:

Ақмола облысы - 2,3; 5,1;
Ақтөбе - 2,5; 4,3;
Алматы - 4,0; 8,4;
Атырау - 2,8; 5,9;
Шығыс Қазақстан - 11,3; 7,5;
Жамбыл - 6,6; 9,0;
Батыс Қазақстан - 4,2; 7,8;
Қарағанды - 4,8; 8,2;
Қостанай - 3,0; 18,9;
Қызылорда - 3,9; 18,9;

Маңғыстау - 1,6; 1,4;
Павлодар - 4,0; 4,6;
Солтүстік Қазақстан - 4,0; 5,6;
Оңтүстік Қазақстан облысы - 7,8; 47,8;
Алматы қ. - 1,2; 0,5;
Астана қ. - 0,5; 0,2 тиісінше.

Соңғы нәтиже: табысы кедейлік шегінен төмен адамдардың (отбасылардың), сондай-ақ 18 жасқа дейінгі балалары бар, табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасылардың материалдық жағдайын жақсарту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері айына 1598 теңге, балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшері айына 1168 теңгені құрайды.

Уақтылылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-іне дейін уақтылы телеу.

Сапасы: табысы кедейлік шегінен төмен адамдарды (отбасыларды), сондай-ақ 18 жасқа дейінгі балалары бар табысы азық-түлік себеті құнынан төмен отбасыларды әлеуметтік қолдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
161-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"1995 жылғы қараша айына дейін құрылған Карметкомбинат МАҚ-ы қызметкерлерінің жалақысы бойынша берешектің қалған бөлігін өтеу үшін Қарағанды облысының облыстық бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1 . **Құны:** 100000 мың теңге (бір жүз миллион теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық Кодексінің 44-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** жалақы бойынша берешекті өтеу жөніндегі мемлекет міндеттемелерін орындау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Қарметкомбинат" Мемлекеттік

акционерлік қоғамының қызметкерлеріне жалақы бойынша 1995 жылғы қарашаға дейін қалыптасқан берешектің қалған бөлігін өтеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | 1995 жылғы қараша айына дейін құрылған "Карметкомбинат" МАҚ-ы қызметкерлерінің жалақысы бойынша берешектің қалған бөлігін өтеу үшін Қарағанды облысының облыстық бюджетіне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қарағанды облыстық бюджетіне "Қарметкомбинат" Мемлекеттік акционерлік қоғамының қызметкерлеріне жалақы бойынша 1995 жылғы қарашаға дейін қалыптасқан берешектің қалған бөлігін өтеуге арналған нысаналы ағымдық трансферттерді аудару | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қарағанды облысының әкімі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: "Қарметкомбинат" Мемлекеттік акционерлік қоғамының қызметкерлеріне жалақы бойынша 1995 жылғы қарашаға дейін қалыптасқан берешектің қалған бөлігін төлеу.

Соңғы нәтиже: "Қарметкомбинат" Мемлекеттік акционерлік қоғамының қызметкерлеріне жалақы бойынша 1995 жылғы қарашаға дейін қалыптасқан берешектің қалған бөлігін өтеу жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін орындау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: алушыларға берешекті уақытында төлеу.

Уақтылылығы: жыл бойы.

Сапа: берешекті уақытында төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
162-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсетуді әдіснамалық қамтамасыз ету" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 21 448 мың теңге (жиырма бір миллион төрт жүз қырық сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 22-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мүгедектердің қоғамға кірігуіне және тыныс-тіршілігіне басқа адамдармен тең мүмкіндіктер жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- жаңа техникалық, көмекші (компенсаторлық) құралдарды және жүріп-тұру құралдарын енгізу жөнінде жұмыс жүргізу;
- мүгедектерге ұсынылатын протездік-ортопедиялық көмектің сапасын жақсарту және қол жетерліктей қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсе-туді әдісна-малық қамта-масыз ету | I. Протездік-ортопе-диялық кәсіпорындар үшін бұйымдардың жаңа түрлеріне техникалық құжаттама әзірлеу:<br>- протездеу және протез салу жөнінде медициналық ұсынымдар әзірлеу;<br>- мүгедектерді оңалту және олардың жүріп тұруына жаңа құралдар енгізу жөнінде жұмыс-тар ұйымдастыру және жүргізу;<br>- күрделі, ерекше күрделі және қалыпты емес зақымдануы бар мүгедектерді | Жыл ішінде | Қазақстан Респу-бликасы Еңбек және халықты әлеумет-тік қор-ғау мини-стрлігі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | протездеу жөніндегі сынақ-тәжірибе жұмыстарын жүргізу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
- протездеу бойынша медициналық қызметтер көрсету;
- отандық протездік-ортопедиялық бұйымдардың сапасын жақсарту;
- 3 акционерлік қоғамда қазіргі жаңа протез-ортопедиялық бұйымдар шығаруға көшу.
Соңғы нәтиже: мүгедектердің қазіргі протездік-ортопедиялық бұйымдарға ерекше қажеттілігін қанағаттандыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: шығарылатын протездік-ортопедиялық бұйымдардың өзіндік құнын төмендету.
Уақтылығы: жыл ішінде.
Сапасы: мүгедектерге жоғары сапалы протез-ортопедиялық бұйымдарды ұсынуды қамтамасыз етуге көшу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
163-ҚОСЫМША

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Оралмандарды тарихи отанына қоныстандыру және әлеуметтік қорғау" деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12 176 203 мың теңге (он екі миллиард бір жүз жетпіс алты миллион екі жүз үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Халықтың көші қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 1, 15-1 , 29-4-бабы ; "Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 15 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : көші-қон процестерінің есебінен Қазақстан Республикасы халқының санын өсіруге және оралмандарды жаңа қоғамдық жағдайларға кіргіуіне жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- оралмандардың қоныс аударуын және оларды әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру;
- оралмандар көші-қоны квотасы бойынша келген оралмандар отбасыларына тұрғын үй сатып алуға қаражат бөлу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Оралмандарды тарихи отаны-на қоныстан-дыру және әлеуметтік қорғау | | | |
| 2 | | 100 | Оралмандарды уақытша орна-ластыру орта-лығы | Көші-қон квотасымен келген оралмандар отбасыларын бейімде-лу кезеңінде оралман-дарды уақытша орна-ластыру оралмандар-ды бейімдеу орталығы-на орналастыру, оралмандарды бейімдеу және кіріктіру Орталығында бейімдеу қызметтерін көрсету. Қарағанды қаласының Оралмандарды бейімдеу және біріктіру орталығы қалалық су құбыры трассасына (ауыз су) қосу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі-гі. |
| 3 | | 101 | Оралмандардың көшіп келуі және әлеумет-тік қорғалуы | - жолақы және жүк тасымалы шығындарын өтеу және біржолғы жәрдемақыларды төлеу;<br>- оралмандардың көші-қон квотасы бойынша шет мемлекеттерден оралмандар отбасын түпкілікті тұрғылық-ты жеріне дейін ұйым-дасқан түрде көшіруді және олардың мүлкін апаруды ұйымдастыру;<br>- оралмандарды тұрғы-лықты жеріне дейін баратын жолында азық-түлікпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлі- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ету; - оралмандарға құжат беруді төлеу; - банктік қызметтерді төлеу. | | гі. |
| 4 | | 102 | Оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету | - көші-қон квотасы бойынша келген орал- мандардың отбасылары- на тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу; - банк қызметтерін төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Респу- бликасы Еңбек және халықты әлеумет- тік қор- ғау мини- стрлігі. |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

- 2008 жылғы көші-қон квотасына енгізілген 15 000 оралмандар отбасын қабылдау және орналастыру;
- 2008 жылы көші-қон квотасына енгізілген, шет мемлекеттерден соңғы тұрғылықты жеріне дейін 25 оралмандар отбасын ұйымдастырып көшіру және олардың мүліктерін тасымалдау.

Соңғы нәтиже: көші-қон процестерінің есебінен Қазақстан Республикасының халқының санын өсіру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: оралман отбасына көрсетілетін орташа көмек мөлшері - 802 883 теңге.

Уақтылығы: оралман отбасының келуіне байланысты жыл ішінде.

Сапасы: нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мерзімде көші-қон квотасымен келген оралмандарға әлеуметтік көмектің барлық түрін ұсыну.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
163-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 163-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу" деген 052 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 40000 мың теңге (қырық миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы ; "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ету. Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды тиімді дамуын, өзекті зерттеулер жолы және бәсекелестікті жоғарылату механизмі негізінде анықтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салалардағы өзекті мәселелерді зерттеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 052 | | Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және | Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | халықтың көші-қоны салалардағы өзекті мәселелерді зерттеу | салаларды дамыту мәселелері бойынша өзекті зерттеулер жүргізу. | | және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : *

Тікелей нәтиже:

Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды өзекті мәселелер бойынша аналитикалық зерттеу;

есептер жасалады және методикалық ұсыныстар құрылады.

Соңғы нәтиже:

Еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны салаларды өзекті мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақпаратқа қол жетімділігін жоғарылату. Білімнің тиімді дамуын қамтамасыз етуге ұсыныстар мен әдістерін дайындау.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Білім саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуге - 40000,0 мың теңге.

Уақтылығы:

белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.

Сапасы:

Тапсырыс берушінің талабына сәйкес зерттеудің сапа деңгейін қамтамасыз ету. Білім саласындағы аса маңызды жеке мәселелерді қамту және оны тиімді шешуге әсер ететін ұсыныстарды жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
163-2-қосымша

*Ескерту. 163-2-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

**053 - "Мемлекеттік аннуитетті компаниясы" АҚ жарғылық капиталын көбейту"**

деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

**1. Құны:** 220 511 мың теңге (екі жүз жиырма миллион бес жүз он бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** "Валют Транзит Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ әлеуметтік тәуекелдер бойынша аннуитетті сақтандыру шарттарын жасасқан азаматтардың мүдделерін қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Мемлекеттік аннуитетті компания" өмірді сақтандыру компаниясының "Валют Транзит Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ-тан қабылдаған міндеттерді дұрыс орындауы; халықтың сақтандыруға деген сенімін сақтап қалу; "Валют Транзит Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ лицензиясынан айырылуы нәтижесінде әлеуметтік тұрақсыздыққа жол бермеу; зейнетақылық аннуитет шарты негізінде азаматтардың сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру құқығын іске асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдар лама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 053 | | Мемлекеттік аннуитетті компания" АҚ жарғылық капиталын көбейту | "Валют Транзит Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ міндеттерді тапсырумен байланысты жарғылық капиталды көбейту жолымен "Мемлекеттік аннуитетті компания" АҚ Барабар сақтандыру резервтерін қалыптастыру | Ағымдағы жыл бойы | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: "Мемлекеттік аннуитетті компания" АҚ жарғылық капиталын 220 511 мың теңгеге көбейту.

Соңғы нәтиже: сақтандыру нарығының тұрақтандыруды қамтамасыз ету және азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру құқығын іске асыруды қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: "Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы" АҚ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Уақытылылығы: Белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.

Сапа: "Валют Транзит Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ сақтандыру

портфелін қабылдау кезінде "Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы" АҚ пруденциялық нормативтерінің сақталуын жарғылық қорды көбейту жолымен қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК